

Жол шаруашылығының құрылымдары мен құрылыстары

Жол шаруашылығы кәсіпорындарын орналастыру және техникалық жарақтандыру поездар қозғалысының берілген мөлшерлерін белгіленген жылдамдықтармен орындау үшін темір жолдарды, құрылыстар мен құрылыстарды күтіп ұстау мен жөндеу бойынша қажет жұмыстарды орындауды қамтамасыз етуі тиіс.

Бар жерлерде жолдың түзу және қисық телімдерінде бұрын бекітілген нормативтер бойынша жол табан еніне рұқсат етіледі. Жолдың осындай телімдерін күтіп-ұстау нормаларын метрополитеннің бірінші басшысы бекітеді.

Жолдың түзу және қисық телімдеріне жоюды талап етпейтін жол табанынң ауытқуларын метрополитен басшылығы бекітеді және осы жағдайда тарылымы бойынша + 8 мм, ал парктік жолдарда тарылымы бойынша – 4 мм, кеңеюі бойынша + 10 мм болуы тиіс. Жолтабан енінің 1512 мм ден кем және 1548мм ден астам болуына рұқсат етілмейді.

Жолдардың түзу телімдерінде рельстің бір тінін екіншісінен 6 мм ге биіктете ұстауға рұқсат етіледі. Сыртқы рельс тінінің жоғарлауы 120 мм ден аспауы тиіс. Қажет болған жағдайда басты жолдың қисық телімдерінде сыртқы рельс тінінің ең көп жоғарлауы Метрополитен басқармасының рұқсатымен 120 мм ден жоғары болуына рұқсат беріледі.

Құрылыстар бекітілген нормаға сәйкес өртке қарсы құралдармен жабдықталуы тиіс.

* Басты жолдардың бойлық бейін аспап арқылы тексеру жолдарды күрделі және орташа жөндеу кезеңінде жүргізіледі. Жолдың жоспары мен бейінінің өзгеруіне алып келетін қайта құру жүргізілетін магистральдық және станциялық жолдардың учаскелерін жұмысты орындаушылар жұмысты аяқтаған соң тиісінше Ұлттық инфрақұрылым операторына немесе концессия шарттары бойынша теміржол иесіне тиісті құжаттаманы ұсына отырып, тексереді.

* Жер төсемінің үстіңгі жағындағы ені жолдың түзу учаскелерінде жолдың үстіңгі құрылысына сәйкес болуы тиіс. Қолданыстағы желілерде олардың қайта құрылуына дейін жер төсемінің ені кем дегенде: дара жолды желілерде - 5,5 м, қосжолды желілерде - 9,6 м, ал жеке жолды желілердегі жартастық және құрғатқыш топырақтарда кем дегенде - 5,0 м, қосжолды желілерде 9,1 м болуына рұқсат етіледі.

* Жер жиегінің үстіңгі бетіндегі ең аз ені жолдың әр жағынан 0,4 м болуы тиіс.

Радиусы 2000 м-ден кем қисық учаскелерде жер төсемі белгіленген нормалар бойынша кеңейеді.

- * Жаңадан салынып жатқан темір жол желілері және екінші жолдар үшін жер төсемінің жоғарғы жағындағы ені Құрылыс нормаларына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.
- * Сулар жайылатын жерлердегі жер төсемі жиегінің қыры қатты желдер кезінде соғылатын толқындардың ең жоғары биіктігінен кем дегенде 0,5 м-ге жоғары болуы тиіс.
- * Жолдың түзу учаскелерінде және радиусы 350 м және одан үлкен, қисықтардағы рельстердің бастиектерінің ішкі шеттері арасындағы жолтабан енінің номиналдық көлемі - 1520 мм.
- * Едәуір тік келетін учаскелердегі жолтабанның ені:
 - 1) радиусы 349-дан 300 м-ге дейін ағаш шпалдарда - 1530 мм;
 - 2) радиусы 349-дан 300 м-ге дейін темірбетон шпалдарда - 1520 мм;
 - 3) радиусы 299 м және одан кем барлық шпалдар түрінде - 1535 мм.
- * Темір жол желілерінің учаскелері мен жолдарында радиусы 650 м-ден артық учаскелерде жолтабан енінің номиналдық көлемі 1524 мм пайдалануға рұқсат етіледі.
- * Бұл ретте, едәуір тіктеу келетін қисықтарда қабылданатын жолтабан:
 - 1) радиусы 650-ден 450 м-ге дейін - 1530 мм;
 - 2) радиусы 449-дан 350 м-ге дейін - 1535 мм;
 - 3) радиусы 349 м-ден және одан кем - 1540 мм.
- * Жолдың түзу және қисық учаскелерінде жолтабан енінің номиналдық өлшемдерден ауытқуының шамасы тарылымы бойынша - 4 мм-ден, кеңеюі бойынша - 8 мм-ден, ал қозғалыс жылдамдықтары сағатына 50 км және одан төмен учаскелерде таралымы бойынша - 4 мм-ден, ал кеңеюі бойынша - 10 мм-ден аспауына рұқсат етіледі.

- * Номиналдық мөлшерінен ауытқу шамасы жолтабан енінің 1512 мм-ден кем және 1548 мм-ден артық болуына рұқсат етілмейді.
- * Жолдардың түзу учаскелерінде жолды пайдалану бір рельстік тіні екіншісінен 6 мм-ге биік етіп ұстауға рұқсат етіледі.
- * Қисық учаскелерде сыртқы рельс тінінің жоғары тұруы 150 мм-ден артық болмауы тиіс.
- * Көпірлер мен тоннельдер бақылау-габариттік құрылғыларымен қоршалады, хабарлау сигнализациясымен және бөгегіш бағдаршамдарымен жабдықталады.
- * Жасанды құрылыстар өртке қарсы құралдармен және қарап тексеруге арналған құралдарымен жабдықталуы тиіс

